

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 ақпандағы № 16-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 22 ақпанда № 7692-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2.Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М. Жусупбеков*